


# Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі







## МЕМЛЕКЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНЕДІ



2017 ж.:

Базалық зейнетақы 12 802 теңге  
(күнкөріс минимумының 52% (КМ))

Барлық зейнеткерлерге еңбек өтіліне  
немесе табыс деңгейіне қарамастан  
бірдей төленеді.



01/07/2018 ж. бастап:

Базалық зейнетақы мөлшері еңбек  
өтіліне байланысты болады:

**КМ-нен 50%** - 0 ден 10 жыл дейін  
бойынша,

**КМ-нен +2%** - 10 жылдан кейін әр  
жыл үшін.

Ең жоғарғы зейнетақы – 35 жыл  
еңбек өтіліне байланысты **1 КМ**  
(2017 ж.: 24 459 теңге).



табыс



еңбек өтілі



зейнеткерлік жасы




еңбек өтілі






## ЫНТЫМАҚТЫ (ЕҢБЕК) ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНЕДІ



Ынтымақты еңбек зейнетақысы 01.01.1998 ж. дейін 6 айдан кем емес еңбек өкілі бар зейнеткерлерге төленеді.




**6**  
ай

Толық зейнетақы мөлшері

**60%**

01.01.1995 ж. бастап кез келген 3 жыл қатарынан орташа табысқа тиесілі

Толық еңбек зейнетақы үшін қажетті еңбек өтілі



**25**  
ЖЫЛ



**20**  
ЖЫЛ

Әрбір қосымша жыл үшін қажетті еңбек өкілінен орташа айлық табыстың +1%, бірақ барлығы 75% аса емес

**75%**

барлығы

**41**  
АЕК

Зейнетақыны есептеу үшін қабылданатын табыстың ең жоғары мөлшері:

2017 ж.:

**93 029 ТЕҢГЕ**

2017 ж.:

толық еңбек зейнетақысы  
**(60%) = 55 817 ТЕҢГЕ**

ең жоғары еңбек зейнетақысы  
**(75%) = 69 772 ТЕҢГЕ**

2016 ж.:

орташа нақты еңбек зейнетақысы  
**= 43 152 ТЕҢГЕ**



Жинақтаушы зейнетақы жүйесі  
01.01.1998 ж. бастап Чили моделі  
бойынша енгізілді: жеке зейнетақы  
шоттарымен және белгіленген  
жарналармен.



### МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

10% мөлшерінде қызметкердің айлық табысы есебінен  
(ең төменгі жалақының 75 еселі мөлшерінен аспайтын  
(2017 ж.: 1 834 425 теңге)).



Мемлекет алушыларға  
МЗЖ, МКЗЖ-ның  
заңда белгіленген  
зейнет жасына жеткен  
кезде, инфляцияның  
деңгейін ескере  
отырып, нақты  
енгізілген жарналар  
мөлшеріндегі БЖЗК-  
дағы қауіпсіздігіне  
кепілдік береді.



### МІНДЕТТІ КӘСІБИ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде, ҚР ЕХӘҚМ  
тізіміне сәйкес зиянды (ерекше зиянды) еңбек  
жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер пайдасына  
БЖЗК-ға жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен  
аударылады.



**ЖМЗЖ**  
**5%**

Зейнетақы жүйесінің жаңа шартты жинақтаушы компонентін - қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізу жоспарлануда. ЖМЗЖ **мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші** арасында зейнетақымен қамсыздандыру үшін жауапкершілікті бөлу арқылы зейнетақымен қамсыздандыру деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етуге арналған (*2020 жылға дейінгі мерзімдерді ауыстыру туралы мәселе талқыланды*).

**63**  
жас



ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері БЗЖҚ-ға **кемінде күнтізбелік 60 ай бұрын** ЖМЗЖ аударылған жеке тұлғаларға жүзеге асырылады.



ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері ай сайынғы және өмір бойы болады.

**58/63**  
жас



Жинақталған қаражат мұрагерлікке берілмейді. Инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың сақталуына мемлекеттік кепілдік жоқ.



Міндеттемелер инвестициялық табысты ескере отырып, әрбір салымшы үшін енгізілген жарналардың мөлшері мен санына байланысты қалыптасады.

Мүгедектігі мерзімсіз деп белгіленген I және II топтағы мүгедектері




Зейнетке шыққан кезде барлық жарналар, бүкіл жинақтау кезеңіндегі инвестициялық табыс және қайтыс болған адамдар мен эмигранттардың жинақтарын қайта бөлу есебімен жинақтау балансы қалыптасады.



## ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЖҮЙЕ

ерікті зейнетақы жарналары  
Жеке және корпоративтік




### ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

Салымшылар (жеке немесе заңды тұлғалар) өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына (яғни өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына) БЖЗК-ға енгізетін сома. ЕЗЖ мөлшерлемесі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.



ЕЗЖ есебінен  
жинақталған сома\*



ЕЗЖ бойынша ЖЗЕ  
саны\*